

№ 139/НҚ от 05.06.2023

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігінің
Аэроғарыш комитеті
төрағасының
«__» _____ 2023 жылғы
№__ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**«Ионосфера институты»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қаласы, 2023 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Ионосфера институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

1.2. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банк шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттер алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

1.3. Серіктестіктің мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, дербес балансы, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттары, фирмалық бланкілері, рәмізі, реквизиттер және басқа да атрибуттары болады.

1.4. Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.5. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіпте орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және Серіктестіктің атынан және оның тапсырмасы бойынша олар туралы Ереженің негізінде әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

1.6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Серіктестіктің құрылтайшысы болып табылады.

1.7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 қазандағы № 857 қаулысына сәйкес және тиісті қабылдау-беру актісі негізінде Серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекеттік қатысу үлестерінің иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) жүзеге асырады.

1.8. Серіктестіктің атауы:

1) толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Ионосфера институты» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Институт ионосферы»;

ағылшын тілінде: Limited Liability Partnership «Institute of Ionosphere».

2) қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Ионосфера институты» ЖШС;

орыс тілінде: ТОО «Институт ионосферы»;

ағылшын тілінде: LLP «Institute of Ionosphere».

1.9. Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050020, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Ионосфера» бағбандық серіктестігі, 117 үй.

1.10. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі шектеусіз.

2. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ

2.1. Серіктестіктің негізгі мақсаты осы Жарғыда көзделген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пайда табу болып табылады.

2.2. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері:

1) ғарыштық зерттеулер мен технологиялар саласындағы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық қызметті жүзеге асыру;

2) күн-жер физикасы және геодинамикасының төңірегінде іргелі, ізденіс және қолданбалы зерттеулерін өткізуі: ионосфера және геомагнитті өріс, ғарыштық ауа райы, жер сыртындағы ғарыш кеңістігінің радиациялық мониторингісі, Қазақстан жер қыртысы жерүсті-ғарыштық геоэкономикалық және геофизикалық мониторингісі, пайдалы қазбалар көздерін болжау, соның ішінде мемлекеттік тапсырыстар бойынша да геодезия және картография жүйелерін жасау;

3) Серіктестіктің ғылыми бағыты бойынша қолданбалы технологияларды әзірлеу және енгізу, жаңа техниканың тәжірибелік үлгілерін жасау бойынша тәжірибелік, жобалық-конструкторлық жұмыстарды жүргізу;

4) жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау, ғылыми дәрежелер беру жөніндегі кеңестер құру, қызметкерлердің қызметін бағалау;

5) ғылыми және білім беру бағдарламаларын қалыптастыру және іске асыру, ғарыш саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және өткізу;

6) заманауи материалдық-техникалық базаны қалыптастыру және қызметкерлердің ғылыми қызметі үшін жағдай жасау;

7) ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, басқа ғылыми мекемелермен және жоғары оқу орындарымен үйлестіру, оларға ғылыми зерттеулер жүргізуге және Серіктестік қызметіне сай бағыт бойынша ғылыми кадрларды даярлауға жәрдемдесу;

8) ғылыми-зерттеу жұмысын ғылыми-ақпараттық қамтамасыз ету;

9) ғылыми-зерттеу жұмыстарын нормативтік, әдістемелік, метрологиялық қамтамасыз ету, техникалық регламенттер мен стандарттарды әзірлеуге қатысу;

10) патенттік және лицензиялық жұмыстарды жүргізу, өнертабыстарды дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін патенттік және құқықтық қорғау, авторлық және зияткерлік меншік құқықтарын қорғау;

11) ғылыми-техникалық үгіт-насихат, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялау бойынша баспа қызметін жүзеге асыру және осы қызметтің өнімдерін өткізу;

12) ғылыми-техникалық сараптамаларды өткізу, инвестициялық және инновациялық жобаларды қалыптастыру және іске асыру;

13) ғылыми-өндірістік, өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру және олармен байланысты операцияларды қаржыландыру;

14) Серіктестік қызметінің техникалық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізу;

15) халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық;

16) сыртқы экономикалық қызмет;

17) конференцияларды, симпозиумдарды, жарыстарды, жұмыс кеңестерін ғылыми семинарларды ұйымдастыру және өткізу;

18) Серіктестік қызметінің бейіні бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша конкурстарды (тендерлерді) ұйымдастыру және өткізу.

2.3. Серіктестік лицензия негізінде тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалатын жекелеген қызмет түрлерімен айналыса алады.

3. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің Жарғысында көзделген тәртіпте Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

2) Серіктестіктің Жарғысында көзделген тәртіпте Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестіктің қызметінен табыс алуға;

4) Серіктестік таратылған жағдайда оның қарыз берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған Серіктестік мүлкіндегі үлесіне сәйкес келетін мүлкінің бір бөлігін немесе оның құнын алуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында сәйкес өз үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Серіктестік Жарғысында көзделген құқықтарын бұзатын шешімдерін сот тәртібінде даулауға.

3.2. Серіктестік Жалғыз қатысушының Заңда және Серіктестіктің жарғысында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

3.3. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы міндетті:

1) Серіктестік Жарғысының талаптарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің Жарғысында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің

жарғылық капиталына салымдар салуға;

3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;

4) атқарушы органға, сондай-ақ тіркеушіге осы Жарғының 3.2.-тармағында көзделген мәліметтердің өзгерістері туралы жазбаша хабарлауға.

5) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

4. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ОРГАНДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ҚҰЗЫРЕТІ

4.1. Серіктестік органдары мыналар болып табылады:

- 1) Серіктестіктің жоғары органы – Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы;
- 2) Серіктестіктің басқару органы – Серіктестіктің Байқаушы кеңесі;
- 3) Серіктестіктің атқарушы органы – Серіктестіктің Директоры.
- 4) Серіктестіктің бақылаушы органы – Тексеруші.

5. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫСЫ

5.1. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің қызметін жеке-дара басқарады, осы Жарғымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешеді. Жалғыз қатысушы қабылдайтын шешімдер жазбаша ресімделеді.

5.2. Серіктестіктің жалғыз қатысушысының ерекше құзыретіне мыналар жатады:

1) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша жарғылық капитал мөлшерін өзгерту;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Жарғыға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

3) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның уәкілеттіктерін немесе атқарушы органның жеке мүшесінің уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру талаптарын айқындау;

4) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бақылау кеңесін және (немесе) ревизиялық комиссияны (ревизорды) сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің ревизиялық комиссиясының (ревизорының) есептері мен қорытындыларын бекіту;

5) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

6) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

7) Серіктестіктің Жарғысына сәйкес бекітілуі Бақылау кеңесі бекітетін Ішкі құжаттар тізбесі негізінде Серіктестіктің Директоры және (немесе)

Бақылау кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекіту;

8) Бақылау кеңесі туралы ережені бекіту;

9) Бақылау кеңесі мүшелерінің жүзеге асыратын қызметі үшін сыйақы мөлшерін бекіту;

10) Серіктестіктің ревизиялық комиссиясының (ревизорының) жұмыс тәртібін бекіту;

11) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;

12) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

13) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

14) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге беру туралы шешім қабылдау;

15) Серіктестіктің құрылтайшысына және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

16) нәтижесінде Серіктестік құны Серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелерді Серіктестіктің жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдау;

17) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Серіктестіктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Бақылау кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою;

18) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Серіктестіктің өзге заңды тұлғаларға қатысуы туралы шешім қабылдау.

5.3. Жалғыз қатысушы, егер Серіктестіктің жарғысында өзгеше белгіленбесе, өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді Серіктестіктің атқарушы органына немесе Байқаушы кеңесіне беруге құқылы.

5.4. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы, оның Серіктестік жарғысында құзыреті қалай айқындалғанына қарамастан, Серіктестік қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

5.5. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы, егер Серіктестіктің жарғысында өзгеше белгіленбесе, Серіктестіктің өзге органдарының Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер жөніндегі кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ БАЙҚАУШЫ КЕҢЕСІ

6.1. Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру үшін жалғыз қатысушының шешімімен жалғыз қатысушы айқындаған мерзімге Байқаушы кеңесі құрылады.

6.2. Байқаушы кеңес Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

6.3. Байқаушы кеңесі кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады.

6.4. Байқаушы кеңесінің төрағасы Байқаушы кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен Байқаушы кеңесі мүшелерінен сайланады.

6.5. Байқаушы кеңесінің отырыстары, егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болады. Кворумды және дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде Байқаушы кеңесінің отырысына қатыспаған Байқаушы кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі.

6.6. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің қызметі және оның шешімдер қабылдау тәртібі серіктестіктің жалғыз қатысушысы қабылдаған ережелермен және өзге де құжаттармен айқындалады.

6.7. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшелерін жалғыз қатысушы белгіленген мерзімге, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

6.8. Байқаушы кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана әрекет ете алады. Ол бір мезгілде серіктестіктің атқарушы органының мүшесі бола алмайды.

6.9. Байқаушы кеңесте дауыс беру кезінде кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

6.10. Байқаушы кеңесінің төрағасы Байқаушы кеңесінің жұмысына басшылық жасайды, Байқаушы кеңесінің отырыстарын өткізуді ұйымдастырады, оларға төрағалық етеді және отырыстардың хаттамаларына қол қояды және Байқаушы кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

6.11. Байқаушы кеңесі қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет байқаушы кеңесі төрағасының, Директордың не Байқаушы кеңесінің кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады. Шақыру Байқаушы кеңесінің төрағасына шақыру туралы жазбаша өтініш беру арқылы жүзеге асырылады.

6.12. Байқаушы кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен жалғыз қатысушының құзыретіне жатқызылған мәселелерді, егер бұл туралы шешім отырысқа қатысушы Байқаушы кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданса, жалғыз қатысушының қарауына өз бастамасы бойынша шығаруға құқылы.

6.13. Байқаушы кеңестің айрықша құзыретіне жатады:

- 1) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту және Серіктестіктің есепті кезеңінің қорытындылары бойынша алған таза табысын бөлу тәртібі туралы Жалғыз қатысушыға ұсыныстар енгізу;
- 3) Серіктестіктің Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Жалғыз қатысушының қарауына енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 4) Серіктестіктің Директорының лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбегіне ақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;
- 5) Серіктестіктің ұйымдық құрылымын және штат санын бекіту;

6) осы Жарғының 5-бабы 5.2.-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген құжаттарды алдын ала мақұлдау;

7) Серіктестіктің Ішкі құжаттарының тізбесін бекіту;

8) Серіктестіктің Ішкі құжаттарының тізбесіне сәйкес Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту;

9) Серіктестіктің Даму жоспарын және оның орындалуы жөніндегі есепті Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, белгіленген тәртіппен атқарушы орган әзірлеген және ұсынған мерзімде бекіту;

10) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат беру;

11) Жалғыз қатысушы және Байқаушы кеңесі бекітетін ішкі нормативтік құжаттарда көзделген шешімдерді қабылдау;

12) Байқаушы кеңесінің хатшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Байқаушы кеңесі хатшысының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті құру, оның өкілеттік мерзімін, құзыреті мен қызмет тәртібін айқындау, комплаенс-офицерді тағайындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, есептерді және қызметті бағалау нәтижелерін қарау.

6.14. Серіктестіктің Байқаушы кеңесі оның атқарушы органының қызметіне бақылауды тиісінше жүзеге асырмауы салдарынан Серіктестікке және үшінші тұлғаларға келтірілген залалдар үшін Байқаушы кеңестің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ

7.1. Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылықты Директор жүзеге асырады, ол Жалғыз қатысушыға және Байқаушы кеңесіне өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін есеп береді. Директорды тағайындау кезінде еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

7.2. Директор Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда Серіктестіктің басқа органдары мен оның лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Серіктестік қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Серіктестіктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттар береді, сондай-ақ бұйрықтар шығарады Серіктестіктің Даму жоспарын және оның орындалуы туралы есептерді әзірлейді және Бақылау кеңесіне ұсынады;

3) Серіктестік атынан мәмілелер жасайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестік атынан шарттардың барлық түрлерін, оның ішінде қызмет түрлері бойынша шарттар жасасады және бұзады, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісілген Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімі бойынша мүлікті сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі Серіктестік атынан шарттар жасасады және оны бұзады;

5) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйым қызметінің төлем мөлшерін айқындау;

6) Серіктестіктің Ішкі құжаттарының тізбесіне сәйкес Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекітеді;

7) Серіктестіктің бекітілген Даму жоспары шеңберінде Серіктестіктің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуының жылдық жоспарын бекітеді;

8) Серіктестіктің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, олармен еңбек шарттарын жасайды және бұзады, міндеттерін бөледі, Серіктестік қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды, Серіктестіктің қызметкерлерін лауазымға тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

9) Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауапкершілік көтереді;

10) осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Серіктестіктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен жарлықтар шығарады;

11) банктерде есеп айырысу және өзге де шоттар ашады;

12) Серіктестіктің бекітілген ұйымдық құрылымы және Серіктестікті дамыту жоспары шеңберінде Серіктестіктің штат кестесін бекітеді;

13) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерінің орындалуын Серіктестіктің Директорының орынбасарына жүктейді, Серіктестіктің Директорының орынбасары болмаған жағдайда тиісті бұйрық шығару арқылы Серіктестік қызметкеріне жүктейді;

14) Жалғыз қатысушының немесе Бақылау кеңесінің құзыретіне жатпайтын өзге де уәкілеттіктерді жүзеге асырады.

8. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТЕКСЕРУШІСІ

8.1. Серіктестіктің атқарушы органының Қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Тексеруші сайлануға тиіс.

8.2. Тексеруші кез келген уақытта серіктестіктің атқарушы органының Қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы және осы мақсат үшін серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие

болады. Тексерушінің талап етуі бойынша Директор ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсіндірмелер беруге міндетті.

8.3. Серіктестіктің Тексерушісін Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды. Серіктестіктің қызметкерлері тексеруші бола алмайды.

8.4. Тексерушінің жұмыс тәртібі ішкі қызметті реттейтін ережелермен және өзге де құжаттармен айқындалады.

9. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА ТАБЫСЫН БӨЛУ

9.1. Серіктестіктің бір жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының шешімімен аудиттелген қаржылық есептілік негізінде ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін жүргізіледі.

10. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫСЫНА, ҮЛЕСТЕРДІ САТЫП АЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

10.1. Серіктестік өзінің Жалғыз қатысушысының (үлестерді сатып алушылардың) талап етуі бойынша Серіктестіктің қызметі туралы оның Жалғыз қатысушысының (үлестерді сатып алушылардың) мүдделерін қозғайтын ақпаратты беруге міндетті.

10.2. Серіктестік Жалғыз қатысушысының (үлестерді сатып алушылардың) мүдделерін қозғайтын ақпарат мыналар болып танылады:

1) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы, атқарушы органы, Тексеруші қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) нәтижесінде теңгерімдік құны Серіктестік активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп пайызын құрайтын Серіктестіктің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

3) Серіктестіктің Жарғысына сәйкес Жалғыз қатысушының мүддесін қозғайтын өзге де ақпарат.

10.3. Серіктестік Жалғыз қатысушысының мүддесін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

10.4. Серіктестік осы Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысына Серіктестіктің атқарушы органына ақпарат беру туралы жазбаша өтініш берген күнінен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өз қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

10.5. Үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру Серіктестіктің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Ақпарат беру тәртібі мен оның көлемі Жарғыда және үлестерді сатып алу туралы алдын ала шартта белгіленеді.

10.6. Серіктестік алдын ала шартқа қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс

күнінен кешіктірмей, осы Серіктестіктің үлестерін сатып алушыларға өз қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

10.7. Серіктестіктің өз қызметіне қатысты құжаттарын Серіктестік Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жері бойынша немесе оның Жарғысында айқындалған өзге де жерде қызметінің барлық мерзімінде сақтауы тиіс.

Мынадай құжаттар сақтауға жатады:

- 1) Серіктестіктің жарғысы, Серіктестіктің Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Жалғыз қатысушының шешімі;
- 3) Серіктестікті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
- 4) Серіктестіктің теңгерімінде тұрған (болған) мүлікке құқықты растайтын құжаттар;
- 5) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
- 6) Байқаушы кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелері бойынша материалдар (ол құрылған жағдайда), Байқаушы кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстар шешімдері);
- 7) атқарушы орган отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары.

10.8. Өзге құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде сақталады.

10.9. Жалғыз қатысушының талап етуі бойынша Серіктестік оған Серіктестіктің Жарғысымен айқындалған тәртіпте Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

11. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ ЖӘНЕ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

11.1. Серіктестіктің мүлкі Серіктестік Жалғыз қатысушысының салымдары, Серіктестік алған табыстар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Серіктестіктің мүлкі оның теңгерімінде есепке алынады.

11.2. Серіктестіктің жарғылық капиталы 174 193 184 (жүз жетпіс төрт миллион жүз тоқсан үш мың жүз сексен төрт) теңгені құрайды.

11.3. Серіктестіктің жарғылық капиталы толық көлемде төленген.

11.4. Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық, өзге де мүлік Жарғылық капиталға салым бола алады.

11.5. Жарғылық капитал:

- 1) Жалғыз қатысушы салған қосымша салымдар;
- 2) нақты құны өзінің теңгерімдік құнынан асатын Серіктестіктің таза активтерін (өз капиталын) қайта бағалау арқылы ұлғайтылуы мүмкін. Қайта бағалауды тәуелсіз бағалаушылар жүргізуі мүмкін.

Шешімді Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы қабылдайды.

11.6. Серіктестіктің Жарғылық капиталын ұлғайту және азайту Қазақстан

Республикасы заңдарының талаптары ескеріле отырып, сол тәртіпте жүзеге асырылады.

12. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

12.1.Серіктестік Қатысушының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

12.2.Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен реттеледі.

13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13.1. Серіктестік өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.2. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі онықұру кезінде туындайды және оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Заңды тұлғаның қызметпен айналысу үшін рұқсат алуы қажет қызмет саласындағы құқық қабілеттілігі осындай рұқсатты алған кезден бастап туындайды және оны алып қойғанда, қолданылу мерзімі өткенденемесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

**Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің
Аэроғарыш комитеті төрағасы**

Оралмағамбетов Б.Ж.

Согласовано

02.06.2023 09:54 Абылкасымова Тахира Какимоллаевна

Действителен Уникальное имя владельца: АБЫЛКАСЫМОВА ТАХИРА Дата начала: 2022-11-10 16:23:41 (+06) Дата окончания: 2025-11-09 16:28:41 (+06) Серийный номер: 171025623087229734320570307678676563787636773694 Субъект: OID.2.5.4.20="+77000030603", EMAILADDRESS=t.abylkasymova@mdai.gov.kz, SURNAME=АБЫЛКАСЫМОВА, SERIALNUMBER=IIN840820401572, GIVENNAME=КАКИМОЛЛАЕВНА, CN=АБЫЛКАСЫМОВА ТАХИРА, OU=BIN141140001266, ST=Астана, O="Республиканское государственное учреждение "Аэрокосмический комитет" Министерства цифрового развития; инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан"", C=KZ Издатель: CN=Удостоверяющий центр Государственных органов, O=Республика Казахстан, C=KZ

02.06.2023 10:15 Смаилова Г. С.

Действителен Уникальное имя владельца: СМАИЛОВА ГУЛЖАН Дата начала: 2022-11-17 16:35:48 (+06) Дата окончания: 2025-11-16 16:40:48 (+06) Серийный номер: 650049848919292112892370246659393156952351007489 Субъект: OID.2.5.4.20="+77770405261", EMAILADDRESS=g.smailova@mdai.gov.kz, SURNAME=СМАИЛОВА, SERIALNUMBER=IIN700507401651, GIVENNAME=СЕРИКБАЕВНА, CN=СМАИЛОВА ГУЛЖАН, OU=BIN141140001266, ST=Астана, O="Республиканское государственное учреждение "Аэрокосмический комитет" Министерства цифрового развития; инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан"", C=KZ Издатель: CN=Удостоверяющий центр Государственных органов, O=Республика Казахстан, C=KZ

02.06.2023 11:29 Буралхияева Р.С. ((и.о Казкенов А. А.))

Действителен Уникальное имя владельца: БУРАЛХИЕВА РАЗИЯ Дата начала: 2022-10-26 11:03:18 (+06) Дата окончания: 2025-10-25 11:08:18 (+06) Серийный номер: 162936753513562120647055124118133743330912950770 Субъект: OID.2.5.4.20="+77017648243", EMAILADDRESS=r.buralhiyeva@mdai.gov.kz, SURNAME=БУРАЛХИЕВА, SERIALNUMBER=IIN620202403961, GIVENNAME=СЛАМХАНОВНА, CN=БУРАЛХИЕВА РАЗИЯ, OU=BIN141140001266, ST=Астана, O="Республиканское государственное учреждение "Аэрокосмический комитет" Министерства цифрового развития; инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан"", C=KZ Издатель: CN=Удостоверяющий центр Государственных органов, O=Республика Казахстан, C=KZ

Подписано

02.06.2023 17:58 Оралмағамбетов Баубек Жеткергенович

Действителен Уникальное имя владельца: ОРАЛМАҒАМБЕТОВ БАУБЕК Дата начала: 2022-08-10 16:24:26 (+06) Дата окончания: 2025-08-09 16:29:26 (+06) Серийный номер: 621932256769924284108021167432585464388570507626 Субъект: OID.2.5.4.20="+77010701909", EMAILADDRESS=b.oralmagambetov@mdai.gov.kz, SURNAME=ОРАЛМАҒАМБЕТОВ, SERIALNUMBER=IIN830331300200, GIVENNAME=ЖЕТКЕРГЕНОВИЧ, CN=ОРАЛМАҒАМБЕТОВ БАУБЕК, OU=BIN141140001266, ST=Нур-Султан, O="Республиканское государственное учреждение "Аэрокосмический комитет" Министерства цифрового развития; инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан"", C=KZ Издатель: CN=Удостоверяющий центр Государственных органов, O=Республика Казахстан, C=KZ



Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан - Тулеков Е.А.